

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты ХІ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХІ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Тұлғаға бағытталған тәсілді іске асыру әр оқушы сабақтың кез келген сәтінде қызықты тапсырмалардың бірін таңдай отырып, өзінің эмоциялық және зияткерлік әлеуетін барынша іске асыра алады дегенді білдіреді[4]. Мұндай тәсіл мұғалімнен қосымша уақыт және зияткерлік шығындарды талап етеді, өйткені оқушылардың біліктілікті игеру прогресін мұқият қадағалауды, оқулықты бейімдеуді, өзіндік жаттығулар кешенін жасауды болжайды. Алайда мұндай ұмтылыстың нәтижесі оқушылардың шет тілін тиімді меңгеруіне мүмкіндік беретін, барлық оқушылар үшін қолайлы жағдай болады.

Қорыта айтқанда, шет тілі сабағын жеке тұлғаға бағыттап оқыту-оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден-бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, оқушы қызығушылығының артуына себепкер болады. Оқытуда жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады. Сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар, өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Якиманская, И.С. Личностно-ориентированное обучение в современной школе / И.С. Якиманская. - М.: Просвещение, 1996. – 244 бет.
2. Кузнецова А.Г. Личностно-ориентированный подход в образовании: методический комплект / А.Г. Кузнецова. - Хабаровск: ХК ИППК ПК, 2002. - 216 бет.
3. English in Mind Students book 2 for Kazakhstan Grade 9, second edition. 32 бет
4. Жұмабаев М. «Педагогика». 110-115 бет.

ӘОЖ 81'243:366.636

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА БІЛІМгерлердің МӘДЕНИАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ РӨЛІ

Хайдаров Мейірбек Тұяқбаевич

qaldibek@list.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Шетел тілдерінің теориясы және тәжірибесі
кафедрасының 4-курс студенті Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – PhD, доцент Досжан Гүлжан Амангелдіқызы

Бүгінгі таңда бүкіл әлемде болып жатқан өзгерістер қоғамның барлық салаларына, соның ішінде, білім беру саласына айрықша әсерін тигізуде. Біздің елімізде 2030 жылға дейін стратегиялық даму бағдарламасы құрылып, жүзеге асырылуда. Осы бағдарламаның негізінде елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың үштұғырлы тілдік саясаты мемлекет көлемінде орындалып, білім мен ғылымдағы мемлекеттік бағдарламалар күн тәртібінде басты орынға қойылып, сәтімен іске асырылып келеді. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасының негізгі мақсаты-білім беру жүйесінің барлық деңгейінде қоғамның талаптарына сәйкес білімді, біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті, қазіргі жылдам өзгеріп отырған дүние жағдайларында алған терең білімін, қажетті дағдыларын тиімді түрде жүзеге асыратын және еркін бағалайтын, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға дайын қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз», -деп атап көрсетті[1]. Шет тілін үйрену, оның қолданыс аясын кеңейту – президентіміздің үштұғырлы саясатының толықтай жүзеге асуы мен еліміздегі тіларалық байланыстардың, өзара қарым- қатынастардың нығаюы үшін өзекті де

келелі мәселеле болып табылады. Шетел тілін оқытуда оқушылардың білім-біліктілік, танымдық, коммуникативтік қырларын, сондай-ақ, олардың сөйлеу дағдысын дамыту мақсатында оқу үрдісінде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану мен оларды түсіне білуге үйретудің маңызы өте зор..

Адам іс-әрекетінің әртүрлі салаларында, сонымен қатар білім беру саласында ақпараттық технологиялардың жаңа құралдарын қолдану бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Отандық және шетелдік білім беру орындарында бұқаралық ақпарат құралдарын (БАҚ) қолдану ең маңызды әдіс болып табылады.

Біз дүние жүзіндегі күнделікті жаңалықтармен таныстыратын газеттерді, радио мен теледидарды «бұқаралық ақпарат құралдары» деп атаймыз. Қоғамның өмір сүруін қамтамасыз етудегі бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі зор. Сонымен қатар Шетел тілін оқытуда оқушылардың білім-біліктілік, танымдық, коммуникативтік біліктілігін, олардың сөйлеу дағдысын дамыту мақсатында оқу үрдісінде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана және түсіне білуге үйретудің де маңызы зор. Осы бағытта ағылшын тілі сабағын оқыту үрдісінде оқушылардың біліктілігін қалыптастыру және дамыту мәселесі үлкен мәнге ие және де бұл:

- шетел тілін оқыту үдерісіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының педагогикалық, психологиялық, әдістемелік, ұйымдастырушылық, техникалық ерекшеліктерін дұрыс айқындай білу оқытудың теориялық және практикалық деңгейін жоғарылатып, білім сапасының артуына қол жеткізеді

- бұқаралық ақпарат құралдар көмегімен жасалатын арнайы бағдарламаларды дайындауда және пайдалануда ескерілетін принциптер мен талаптарды нақтылап, оқыту үдерісіне енгізу оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады;

- оқушылардың білімін жетілдірудің және олардың танымдық қабілеттерін дамытудың жолдарын бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану арқылы шешудің теориялық және дидактикалық негіздерінен іздеп, оларды оқытудың мазмұнына, формасына, әдістеріне қарай икемдесе, тіл үйретудегі нәтижелер жоғарылатуға болады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының атқаратын қызметі әр түрлі, олардың аса маңыздыларына мыналар жатады: ақпараттық, білімдік, әлеуметтендірушілік, мүдделерді тоғыстырушы, жұмылдыру және т.б.

Ақпараттық қоғам мәселелері бойынша жоғарғы көрсеткіш көрсету ниетіндегі қоғамның жаңа түрін қалыптастырудағы бұқаралық коммуникацияның жаңа институттары теледидар мен интернеттің орны мен рөлі ерекше. Адамзаттың жинақтаған ақпараттары мен мәдени құндылықтарына еркін қол жетімділік демократиялық қоғамның базалық құндылығы болып табылатындықтан, теледидар мен интернет секілді өзге де ақпараттық коммуникациялар өзара байланысты. Сондықтан интернетті БАҚ жатқызуға болады. Оқытушының қолданған әдіс-тәсілдері балаларға қызықты, түсінуге оңай болуы тиіс. Осы орайда газет материалдарын қолданудың да маңызы зор. Ондағы мақсат – оқушыларды қарапайым болса да өз ойларын еркін жеткізумен ғана шектелмей, өзара тіл табысып, пікір алысуға үйрету, себебі жалпыға білім беретін орта мектепте берілетін бүкіл білімнің негізгі мақсаты - оқушының шетел тілінде сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Газет ағылшын тілінде сөйлейтін халықтардың мәдениетінің бір бөлігі және оның көмегімен оқушылар тілді жете меңгеріп қана қоймай, сол елдердің өмірінің ерекшеліктері туралы толық мәліметті өз бетімен оқып біле алады. Газет тілінің көркем, ғылыми және ауызекі тілден басқаша өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл газеттің негізгі ақпарат құралы ретінде орындайтын әлеуметтік міндетке сай тілдік құралдардың ұзақ уақыт іріктелу нәтижесі. Басылымдардағы мақалалар көбіне талдауды ұйымдастыратын және тілді үйренушілердің жеке пікірін қалыптастыру мен оны білдіруге әкелетін мәселелерді қамтиды. Мақала авторлары соның алдындағы басылымдарды талқылап, немесе қоғамда болып жатқан жаңа процестерді танытып отыратындықтан оқушыларды сөз ойнақылығына және әр түрлі пікірлерден дәлелдеме жасау жолдарына назар аудару мүмкіндігі болады.

Ұлыбританияда 120-ға тарта күнделікті газет бар. Олар аптасына 6 рет басылып шығарылады. Олардың жалпы саны – 15 миллионға жуық дана. Ағылшындардың ұлттық күнделікті газеттері екіге бөлінеді: «сапалы» газеттер өзінің қатаң, қысқа атауларымен және суреттерінің кішілігімен ерекшеленеді. Ал «танымал» газеттерге ірі жазумен берілетін атаулар, қысқа материалдар және суреттердің көптігі тән. Газеттердің бірінші тобына жататындар «*The Times*», «*Financial Times*», «*The Guardian*», «*the Daily Telegraph*», ал екінші топқа «*Daily Mail*», «*Daily Express*», «*Daily Mirror*», «*The Sun*» және т.б. жатады. Мақаланың атауы (Headlines) ағылшын газеттерінде қысқа болады және онда артикль, көмекші етістік тәрізді көмекші сөздер алынып барынша қысқартылады. Осыған байланысты онда ұзақ сөздерге қарағанда қысқа сөздер көп қолданылады. Мынандай сөздер жиі қолданылады: cost, deal, ban, hit, get, clash. Сонымен қатар онда ұзақ сөйлемдерге қарағанда күрделі зат есімдерден тұратын фразалар жиі қолданылады. Мысалы, «*Japan Leadership Struggle*» for «*The Leadership Struggle in Japan*», «*Bridge Cost*» for «*The Cost of the Bridge*» and «*Bank Girl Killer Clues*» for «*Clues to the Killer of the Girl who Worked in a Bank*». Оқушылардың ағылшын тілінде сөйлеу дағдысын дамытып, осы тілде қарым-қатынас жасауында оқудың (Reading) алар орны ерекше. Өйткені оқу бүгінгі күндегі ақпараттың негізгі әрі жетекші көзі болып табылатын кітап пен басқа да баспа өнімдеріне жол ашады. Шетелдік прессаны пайдаланып оқыту әдісі бойынша дүниежүзілік әдістемелік зерттеулерден де байқайтынымыз тілді үйрену үшін көп оқудың маңызы зор. Шетелдік пресса арқылы деген сөз, оқушылармен шетел тілі сабағында берілген тақырыпқа сай пресса өткізу, яғни оқушылар мен мұғалім арасындағы пікірталас. Жалпы шетелдік прессаны пайдаланып оқыту әдісі оқудың төрт басты ережесін ұмытпау керек. Олар:

-Тез қарап шығып (skimming) мәтіннің басты идеясын анықтау

-Оқып шығып (scanning) керекті жылдарды, сандарды, мекен- жайларды, басты кейіпкерлерді т.б. табу

-Толық қамтып оқу (through comprehension) – әр сөзіне көңіл бөлу.

-Сыни оқу (critical reading) - оқушылардың мәтінге көзқарасы, ой-пікірі т.б.

Оқушыларды оқуға баулуда мұғалім тарапынан көп ізденіс пен шыдамдылық керек. Оқушылар басқа газет мақалаларын ағылшын тілінде үйде оқып, сыныпта басқаларына әңгімелеп беріп, пікірталасқа айналдыратын жағдайға да жетті. Әрине, қытай халқының мақалында: «Естідім-ұмыттым, оқыдым-есімде, орындадым-білемін» деп айтылғандай тіл дамытудың төрт түрін де тыңдау, оқу, сөйлеу, жазуды бірге дамытқанда ғана белгілі бір жетістіктерге жетуге болады. Газет мақаласына мынадай тапсырмалардың түрлерін ұсынуға болады:

- Мақала берілген мәселе бойынша талқылауға сұрақтар дайындау;

- Газет мақалаларымен танысу және олардың түсініктерін тексеру (true or false);

- Газет мақалаларын информациялау және мақала бойынша сұрақтарға жауап беру;

- Мақаладан үзінді алып, қазақшаға аудару;

- Мәтіннен сөз тіркестерінің баламасын іздеу;

- Мақала бойынша әңгіме құру, интервью алу және рөлдік ойындар; Жұппен жұмыс түрімен қоса пікір алысуға, қарым-қатынас жасауға үйретуде топ ішіндегі жұмыстарды ұйымдастыра білу керек. Өйткені ол: Оқушылардың екеуара сөйлеу қабілетін арттырады, Оқушылардың өзара қарым-қатынасын күшейтіп, бір-бірін түсінушілікке үйретіп, ұжым құруға септігін тигізеді, Өзгенің ғана емес, өз ісін де объективті тұрғыдан бағалауға үйретеді, Бір-бірімен білгенін бөлісіп, сөйлесімдік мүмкіндіктерін арттырады, Оқушылардың оқуға деген талпынысын арттырады, сабақты түрлендіреді, Оқушылардың ұжымдағы беделін, іскерлік қабілетін арттырып, «Осының бәрі мен үшін керек», «Мен не істей аламын:» деген сияқты қағидаларды басшылыққа ала отырып бағыт беруде жеке тұлғаның сөйлеу дағдысын қалыптастырады.

Осылайша газет материалдары мәдениет пен қоғамдағы процестермен, таныстырып қана қоймай, коммуникативті дағдыны дамыту және тілдік компетенцияны қалыптастыру жұмыстарында материал ретінде пайдаланылады. Сонымен бірге лексикалық материал

накты халықтың менталитетінің ерекшеліктерін оқып-білу жағдайында іске асырылады және меңгеріледі және оқушының санасында із қалдырады. Қоғамда қазіргі болып жатқан мәселелерді, оларды шешу жолдарын талдау, басқа ортаның даму тенденцияларын өз ортасындағы тенденциялармен салыстыру мүмкіндігі шетел тілін оқу мен оны жете меңгеруде өте күшті стимул бола алады [2].

Көп тәжірибелерден оқып, талдағаннан байқағанымыз, видеофильмдерді де сабақта пайдалану оқушылардың ойлау қабілеттерін ғана дамытып қоймайды, сонымен қатар, мұғалімге оқытудың бірнеше мақсатын іске асыруға көмектеседі. Оқушылар тілін оқитын елдің өмірі, салты, дәстүрі туралы көрнекі мағлұмат алады және осы арқылы олардың сол елдің тілін түсініп, үйренуге деген талпыныс құштарлықтары арта түседі. Видеофильмдер, киноүзінділер, киноклиптер оқу үдерісін жетілдіріп, оған барынша коммуникативті бағыт береді [3]. Видеоматериалдарды таңдау белгілі ұстаныммен жүргізілуі қажет.

Сабақта фильмді пайдалануда міндетті түрде мынадай жағдайларды ескеруі керек:

- тіл үйренушілердің қызығушылықтары;
- лингвоелтанымдық мәліметтердің құндылығы;
- материалдың заманауилығы мен көкейтестілігі;
- видеофильмнің елтанымдық және тәрбиелік маңыздылығы;
- оқушының көңіл-күйіне әсер ету деңгейі;
- бағдарламаға сай әдістемелік бірізділігі мен жүйелілігі.

Сабақта қолданылатын видео өнімдердің ішіндегі ең тиімдісі және тартымдысы аутентті көркем фильмдер болып табылады. Мұнда оқушының білімін тереңдету, оның елтанымдық білімі мен тыңдау, сөйлеу, жазу, оқу дағдыларын жетілдіруге мән беріледі. Осы мақсатқа жауап беретін, тілдік талаптарға және қазіргі оқушы жастардың сұранысы мен тілегіне сай келетін көркем фильмдерді таңдау оқытушының оң нәтижеге жететін әдістемелік шешімі болып табылады. Оқытушы фильммен жұмыс барысында алдын-ала жаңа сөздермен жұмыс жүргізеді[1]. Бұл оқушылардың фильм мазмұнын түсінулерін жеңілдетеді. Фильмді көруге даярлық барысында фильмнің ең қызық деген тұстарымен жұмыс жүргізілуі тиіс. Сабақ мақсатына сай, басқа тілдің реалийлеріне түсініктеме беріп, басқа мәдениет пен тілдік айырмашылықтарға шолу жасауы мұғалімнің оқушымен дұрыс әдістемелік байланыс орнатуының басты әдісі. Бұл жаттығулар жүйесі барлық әдістемелік жұмыстарда: фильмді көрер алдындағы, фильмді көріп отырған кезде орындалатын тапсырмалар және фильмді көріп болғаннан кейін оқушының орындайтын жұмыстары деп аталып жүр[3]. Фильмді көрер алдындағы тапсырмалар ретінде мынадай жұмыстарды атауға болады:

- Фильм тақырыбы бойынша алдын-ала түсіндіріп, мағлұмат беру;
- Кезеңдердің маңыздылығын түсіндіру;
- Фильмді бір рет дауыссыз көріп шығу;
- Жаңа сөздердің аудармасы мен қолдану жолдарын түсіндіру, мысалдар келтіру.

Фильмді көріп отырған кезде орындалатын тапсырмаларға мына жұмыстарды атауға болады: Тілдік мәліметті іздестіру, фильмнен үзінді көрсетіп, керекті сөздер, сөз тіркесі не фразаларды шет тілінен қазақ тіліне аударып, баламасын табу, сөйлемдегі бос орынды көріп отырған фильмнен алып жаңа сөздермен толтыру, етістіктерді дұрыс грамматикалық формасында беру оқушының дұрыс сөйлеу қабілетін қалыптастыру үшін монологтық, диалогтық сөйлеуге арналған фильмнен үзінділермен жұмыс жасау; Фильмді көріп болғаннан кейін оқушының орындайтын тапсырмалары оқушының фильмнен туған танымдық ойын дамытуға, шығармашылықпен жұмыс істеуіне әсер етеді. Бұл кезеңде мынадай жұмыстар істеуге болады:

- жобалық жұмыс, оқушы көрген фильміне ұқсас бейнефильмдер даярлайды, мысалы, қаланы аралау, концертке, театрға саяхат, өз үйі туралы әңгімелеу;
- рөлдік ойындар, оның негізіне көрген фильм алынады. Бұл жұмыстар мынадай сұрақтарға жауап бере отырылып жүзеге асырылады.

Сонымен, сабақта аутентті көркем фильмді пайдалану барлық іс-әрекеттерді жүзеге асыруға септігі мол, шетел тілін тереңдетуде тиімді әдіс ретінде танылады. Фильм оқушыны сөйлеуге, әңгімелесуге құлшындырады, сонымен бірге ол тіл үйренушіге сол ел туралы нақты мәліметтерді өз көзімен көріп, танысатын көрнекілік болып табылады.

Қорыта келе, аталған ақпарат құралдарының барлығы да шет тілін оқытуға оңтайлы әсер ететін бүгінгі технологиялар. Қазіргі таңда шетел тілдерін оқуды сол тілде сөйлеушілердің өмірі мен мәдениетінен бөлек қарастыру мүмкін емес. Қазіргі замандағы мектептерде уақыт талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, инновациялық технологияларды қолдану, шетелдік басылымдарды пайдалану басты назарда болып отыр. Өйткені осы жаңа инновациялық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен тілге деген қызығушылықтарын арттырып, білім сапасы көтерілуде. Сонымен, ағылшын тілін оқытуда кездесетін кейбір проблемалар және оны шешудің жолдарын қарастыруда шетелдік басылымдарды, өзге де ақпарат құралдарын пайдаланудың маңызы өте зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрғалиева Г.К., Тілеуова С.С. Ақпараттандыру – білім беруді реформаландырудың негізгі механизмі. //Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – Алматы, 2006. - №1. - 262б.
2. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы. //Астана, - 2004. – 2-3б.
3. Қазақстан Республикасының шетелдік білімді дамыту Концепциясы – Алматы, 2004 ж. 188 б.

УДК 004.738.5:81'243

ВОЗМОЖНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСОВ НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Хасенова Нургуль Ануарбековна

nura_9494@mail.ru

Студент 4 курса ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Научный руководитель – Ибрагимова К. Е.

В современном обществе роль иностранных языков становится поистине незаменимой. Знание иностранного языка дает возможность приобщиться к мировой культуре, использовать в полной мере потенциал ресурсов сети Интернет. В наше время новые информационные технологии интенсивно внедряются во все сферы нашей жизни, в том числе и в образовательный процесс. В связи с этим возникает необходимость развития методики использования компьютерных информационных технологий в обучении иностранному языку. Новые информационные педагогические технологии становятся частью учебного процесса. Использование Интернет-ресурсов на уроках иностранного языка – актуальное направление в методике, требующее новых подходов и нестандартных решений.

Одной из доминирующих тенденций развития общества в XXI веке является его глобальная информатизация.

Современное образование требует коренных изменений в области методики преподавания школьных предметов, в частности, иностранного языка. Время требует внедрения всех имеющихся на сегодняшний день инновационных компьютерных технологий в учебно-воспитательный процесс. Появляется острая необходимость создания единого мирового образовательного пространства. Отсюда такой интерес во всех странах мира к новым информационным технологиям и, в частности, к компьютерным коммуникациям, которые открывают окно в это мировое пространство [1].

Стремительное развитие телекоммуникационных технологий, глобальная информатизация, формирование информационной среды обитания и жизнедеятельности